

Мәуленов ақын ағамыз дәл сипатын берген сырбаз Сәкеннің туғанына биыл 131 жыл[6]. Сәкенді қалай ұлықтасақ та, насихаттасақ та жарасады. Себебі ақын бабамызға деген қазақтың ықыласы қашан да ерекше. Астана қаласында 1988 жылы С.Сейфуллинге мұражай ашылған, Қазақ аграрлық университеті қайраткер есімімен аталады. Қаланың орталық алаңында С.Сейфуллинге ескерткіш тұр. Кең байтақ Қазақстанның қай аймағына барсақ та С.Сейфуллиннің есімі берілген елді мекендер мен мектептер, көшелерді көптеп кездестіруге болады. Бұл, әрине, туған халқының өзінің абзал ұлына деген құрметі екендігі даусыз. Астанадағы Қазақ аграрлық университеті және ақын мұражайының ұйымдастыруымен жыл сайын қазан айында республикалық Сейфуллин оқуларын өткізу дәстүрге айналған. 2008 жылы Қарағанды қаласындағы С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театры жаңа ғимаратқа ие болды. Арыстарымыздың мерейтойларына арналған шаралар өткізіп, жас ұрпаққа олардың ерлік істерін үлгі ету ұлттық сананың қалыптасуына ықпал етері сөзсіз.

Саяси қуғын-сүргін құрбаны болған Сәкен Сейфуллиннің тағдыры – кеңестік дәуірдегі әділетсіздік пен қудалаудың ащы шындығы. Бірақ оның есімі уақыт өте келе ақталып, халық жүрегінен лайықты орнын тапты. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанда Сәкен мұрасы қайта жаңғырып, жас ұрпаққа үлгі ретінде насихатталуда. Оған арналған мұражайлар, оқулар, театрлар мен ескерткіштер – оның ел алдындағы ерен еңбегінің айғағы.

Сәкен Сейфуллинді ұлықтау – тек тарихи әділеттілікті қалпына келтіру емес, сонымен бірге елдің ертеңіне адал, отансүйгіш жас ұрпақты тәрбиелеудің жолы. Сондықтан оның өмірі мен қызметін терең зерделеп, жастар санасына сіңіру – біз үшін тарихи парыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н. «Сәкен – біздің ұлттық мақтанышымыз». // Егемен Қазақстан. – 2019. – 11 желтоқсан. – <https://egemen.kz/article/211509-saken-dgane-enhbekshi-qazaq>
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. / – Алматы: «Атамұра», 1999. – 296 б.
3. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 1972. – 432 б.
4. Қамалиева К. Сәкен Сейфуллиннің ағартушылық қызметі. – Алматы: Мектеп, 1983. – 94 б.
5. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин (Өмірбаян очерк). – Алматы, 1976. – 320 б.
6. Мәуленов С. «Алаштың ардақтысы – Сәкен!». // Abai.kz. – 2018. – 24 қаңтар.

#### **ТОТАЛИТАРИЗМНІҢ ҚҰРБАНДАРЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАППАЙ ҚУҒЫН-СҮРГІН**

**Орынбекова Р.Ж.**, п.ғ.м., аға оқытушы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

XX-ғасырда КСРО-ның саяси дамуы тікелей большевиктер қолында болды. Большевиктер мемлекет басына келісімен саяси ахуалды өз партиясының саяси платформасы арқылы дамытуға тырысты. Адам құқығының тапталуы мақсатында жүргізілген орасан зор саяси репрессия КСРО – ның саяси менталитетіне үлкен әсер етті. Халықтың санасы биліктің құлдық саясатына ыңғайланды. Сананы билеуде мемлекет жүйесі басты орынға шықты.

КСРО құрамында болған халықтардың барлығы большевиктердің саяси репрессиялар құрбандарына айналды. Бұл оқиғалардан Қазақстан да алшақ қалған жоқ. Қазақстанда саяси репрессиялар былай жүрді:

1. Қазақстан – КСРО-ның лагерлер жүйесінің көлемді бөлігіне айналды. Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің филиалдары бүкіл қазақ жерін қамтыды (Қарлаг, Жезказғанлаг, АЛЖИР, Степлаг, Спасск еңбекпен түзеу лагері және т.б.).

2. Республика кеңес халықтарының депортациялану аймағына айналды. 1933-1950 жылдар аралығында қазақ жеріне көптеген ұлттар өкілдері жер аударылды («кулактар», «сенімсіз халықтар», «профашистік» ойдағы халықтар).

3. Қазақ халқы басқа халықтар секілді тоталитаризм құрбандарына айналды. Кеңестік реформалар (конфискация, коллективизация, оседание, голод 1921-22 гг., 1932-1933 гг.) үлкен зардаптарға әкелді. Сонымен қатар, жаппай репрессиялар нәтижесінде жеке тұлғалар қудаланып, атылды.

Осылайша, кеңестік саяси репрессиялар біздің елімізді де қамтыды. Кеңестік саяси репрессия мәліметтері көптеген жылдар бойы ашық түрде жарияланбады. Тоталитарлық жүйенің іргесінің сөгілуі ең бірінші тарихи оқиғаларды зерттеуге деген ынтаның артуына алып келді.

1930-1950 жылдары кеңестік қоғамда орнаған саяси режим кезінде мемлекеттің адамға абсолюттік билігі орын алды. Қазақстанда да барлық елдегі сияқты, мемлекеттік билік бір партияның қолына жинақталды. Тоталитарлық режимнің өзіне тән сатысы – экономикаға мемлекеттік-партиялық билік белең алды. Меншіктің мемлекеттік формасы коммунистік партияға республиканың экономикалық дамуын мемлекет мүддесіне сай бұра тартуға мүмкіндік әперді. Өнеркәсіпті құру және ауыл шаруашылығындағы колхоз-совхоз жүйесі халық шаруашылығы жоспарының есебі бойынша жүргізілді. Бұл жоспардың жасалу принципі кеңестік мемлекет мүддесін ұлттық республикалар мүддесінен жоғары қоюды көздеді. Сөйтіп, Қазақстанда экономикалық таңдау еркіндігі шектелді. Қоғамдық құрылыстың тоталитарлық моделін бекіте түсу тәсілі 1930-жылдары барлық елдегі сияқты, халыққа қарсы қуғын-сүргін жүргізу саясаты болды. ГУЛАГ (лагерьлер бас басқармасы) сол кездегі мемлекеттік жүйенің ажырағысыз бөлігі болып табылып, республикалар мемлекеттік биліктің күш көрсетушілік құрылымның барлық жағын басынан кешірді. Сталиндік еңбекпен түзеу лагерлер жүйесі кеңес өкіметіне қас әлеуметтік және саяси топтар қарсылығын басуға арналды[1].

Бүгіндер 31 мамыр күні елімізде соңғы он жылдай үздіксіз аталып келе жатқан Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналады. Баршамыздың азаматтық парызымыз, тоталитарлық жүйенің жендеттері жазықсыздан-жазықсыз қуғынға ұшыратып, қатыгездікпен жазалаған отандастарымыздың рухы алдында аза тұтып, басымызды иіу. Өткен ғасырдың 20-шы жылдары басталған “Қызыл қудалау” науқаны 30-шы, 40-шы жылдары, содан кейін 50-ші жылдардың басында күллі елімізге сел болып жайылып, қанды көбік шашты. Мархабаттылықты желеу етіп, ұлы мұраттарды уағыздаған болып көлгірсіген қара ниет жүгенсіздік-миллиондаған адамдардың жанын қиды, көз жасын төккізіп, қасірет шеккізді.

Соңғы жылдарда елімізде сталиндік жаппай репрессия кезінде құрбан болған-Солтүстік пен Шығысқа айдалып, азап пен қинауға шыдамай, ауру мен аштықтан өлген, жазықсыз атылып, қайда көмілгендері беймәлім-миллиондаған адамдардың жалпы саны қанша деген сұрақ жиі қойылып жүр. Ол жөнінде ешқандай статистикалық ресми мәлімет жоқ, дегенмен бұл мәселені арнайы зерттеушілер анықтап, жинақтаған төмендегідей деректерге ден қоюға әбден болады.

Тарихшы Рой Медведевтің деректері бойынша, бұрынғы КСРО көлемінде 1927 жылдан бастап 1953 жылға дейін 40 миллион адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Бұл жерде алғашқы жаппай репрессия-Сталин біріккен “солшыл” оппозицияны жеңген соң 1927-1928 жылдары-ақ басталғанын айтқан жөн. Ондаған мың троцкийшілер мен зинovieвшілер партиядан шығарылып, жұмыстан аласталды, алыс аймақтарға жер аударылып, саяси тұтқын ретінде түрмелерге қамалды. Ал 1930-1933 жылдары оларға бейнебір кешірім жасалып, “Сталинге адал екендіктеріне ант етіп”, жіберген қателіктері үшін “қатты өкінетіндіктерін” мойындаған соң, бәрі де бұрынғы жұмыстарына қайта оралды. Бір жылдан кейін ондаған мың “оңшыл уклонистер” де осындай халді бастан өткерді. Алайда, 1936-1937 жылдары олар қайтадан түгел тұтқындалып, содан кері оралмады.

1956 жылы ел басшылығы үшін жасалған айрықша баяндамаға сүйенсек, революцияға қарсы қызмет дегенді білдіретін 58-бап бойынша Кеңес Одағында сотталғандардың жалпы саны үш миллион жеті жүз жетпіс мыңнан астам адам екен. Алты жүз қырық екі мың тоғыз жүз сексен адам атылған, 25 жыл бас бостандығынан айырылып сотталған адамдар саны екі миллион үш жүз алпыс тоғызға жеткен.

Жалпы, Қазақстандағы қуғын-сүргінді үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

I – 1928-1932 жж.: қуғын-сүргінге негізінен ұлттық интеллигенция өкілдері, бұрынғы «Алаш» партиясының мүшелері, зорлықпен жүргізілген ұжымдастыруға, индустриализацияға қарсы болғандар ұшырады.

II. – 1937-1938 жж.: «Алаш» партиясының бұрынғы мүшелері болған ұлттық интеллигенция өкілдері, БК(б)П бағытынан ауытқыған кеңестік партия қызметкерлерінің 100 мыңнан астамы қамалды және оның 25 мыңдайы атылды.

III. – 1948-1950 жж.: партияның идеологиялық бағытымен көзқарастары үйлеспеген ғылыми және көркемөнер интеллигенцияның өкілдері қуғындалды.

Қазақстанда 1928-1932 жж. қазақ халқына қарсы жасалған қылмыстың айғақтарын келтірсек: қазақтардың 42 пайызы (2мил. 200 мың) аштықтан қырылып, миллионнан аса адам басқа жаққа ауып кеткен. Ал, 1937-1938 жж. 103 мың адам қуғынға ұшырап, 25 мың адам атылған. Ең ақыры біздің елге де 1 миллион 209 мың адам жер аударылған екен [1,55 б.]. Осының барлығының нәтижесінде қазақтар өзінің туған топырағында аз ұлтқа айналды. Қазақстандық халық шаруашылығының есеп басқармасының әр жылдың 1-маусымына берген деректері бойынша республикада халық саны 1930 ж. - 5,873 мың, 1931 ж. - 5,114 мың, 1932 ж. - 3,227 мың, 1933 ж. - 2,493 мың, 1934 ж. - 2,681 мың, 1935 ж. - 2,926 мың, 1936 ж. - 3,287 мың болыпты[2, 32 б.]. Басқаша айтқанда, республика халқы 1930-1933 жылдар арасында 3,379 мың адамға кеміген. “Қазақ неге аштыққа ұшырады” деген сұраққа жауап іздесек, Қазақстан тәрізді жекелеген аймақтарды осындай алапат аштыққа ұрындырған ең басты себеп - сталиндік тоталитарлық жүйе немесе сталиндік аграрлық реформа. Тарих көшіндегі күштеу зорлық-зомбылық механизміне негізделген, шұғыл да дөрекі түрде жүргізілген ұжымдастыру саясаты. Осыған байланысты қазақ даласындағы балама немесе дәстүрлі шаруашылықтың табиғи дамуы туралы ғалымдардың, практиктер мен қоғам қайраткерлерінің (М.Г.Сириус, С.П.Швецов, Е.Тимофеев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Сәдуақасов т.б-дың) ұсыныстары аяқ-асты етілді, ал өздері қуғынға ұшырады. Сонымен бірге жедел қарқынмен жүргізілген сталиндік индустрияландыру саясаты. Индустрияландыру үшін қаржы іздестіру мақсатында мемлекет 1920-жылдардың аяғында салық тәртібін қатайтты. Салықтың батпаны Қазақстанның ауылдары мен деревняларының еңсесін басты. 1927-1928 жылдары 4 пайыз ауқатты және кулак шаруашылықтары шаруалар қожалықтарына есептелген ауылшаруашылық салығының бүкіл сомасының 33 пайызын төлеуге мәжбүр болды, ал мал өсіретін 0,6 пайыз ірі шаруашылықтар мал өсіретін аудандар бойынша есептелген салықтың бүкіл сомасының 25 пайызын төледі. Келесі, 1928-1929 салық төлеу жылы, салық негізгі елеулі түрде өспесе де, 1927-1928 жылмен салыстырғанда салық ауыртпалығы 98,8 пайыз артты[3,16 б.]. Салық жинау өкімет орындарының озбырлықпен бейшара шаруадан қорқаулана ет, астық және т.б. ауылшаруашылық шикізат өнімдерін тартып алумен жалғасын тапты.

Осы жылдары КСРО-ның экономикалық дамуындағы дағдарыс шиеленісе түскен сайын Кеңеске қарсы зиянкес элементтермен астыртын ұйымдарды іздеу кең өрістей берді. Шахталар мен кәсіпорындарда кездейсоқ авариялар болса, колхоздар мен совхоздарда мал өлсе, өрт және табиғи апаттар болса - бәрі де тап жауларының тіміскі әрекеті деп түсіндіріліп, осыған сай халық жауларына және кеңеске қарсы деген бүлікші ұйымдар жөнінде қолдан жасалған қылмысты істер қозғалды. Мәселен, 1930 ж. Семейде, осы облыстың Абралы, Шыңғыстау және Қу аудандарында өмірде болмаған, орталығы Алматы болып табылатын астыртын "Қазақстан шаруалар партиясының" филиалының ашылуы.

Архив қойнауларынан табылған құжаттардан сталиндік түнек кезінде адамның құнын кетіріп, халықтың рухани азғындалуына жол ашылды, сөйтіп, ұлттық саясаттың бұрмалануы тарихты бұрмалауға соқтырып, салт-сана үшін қайғылы кезең басталды. Бүтіндей бір отбасылар, әулеттер әдейі құртылды.

Қазақстанда бай-кулакты тәркілеу мөлшерін тап басып, дәл айту қиын, тек-қана 1930-1931 жылдары республикадан тыс жерге бай-кулак деп "жер аударылып" жіберілген шаруалар саны 6765 адамға жетеді.

Тәркілеу идеологиясы шаруаларға келгенде кең көлемдегі репрессиялық шараға айналуы 1932 жылғы 7 – тамыздағы "Мемлекет кәсіпорындарының, колхоздар мен кооперацияның мүліктерін сақтау және қоғамдық меншікті нығайту туралы" заңға байланысты болды. Бұл заң бойынша айыпты деп танылғандар ату жазасына, ал "жұмсарту жағдайлары" бола қалған күнде 10 жылға тұтқындалып, мал-мүлкін тәркілеуге кесілді. Осынау конституцияға қарсы шара іске қосылған алғашқы жылдың өзінде-ақ Қазақстанда 33.345 адам абақтыға жабылды.

1929 жылдан 1933 жылға дейінгі бес жыл ішінде Қазақ АКСР Біріккен Бас саяси Басқармасы Өкілетті өкілдігінің үштігімен толық емес мәліметтерге қарағанда, 9805 іс қаралып, 22933 адам жөнінде шешім қабылданған, олардың ішінен 3386 адам жазаның ең жоғары түрі-атуға, тұтқын лагерінде 3 жылдан 10 жылға дейін қамалуға 13.151 адам кесілген[4, 114 б.].

Осымен қатар партия ұйымдарын тазалау жүргізілді. Сенуге болмайтындардың немесе бір кезде қате жібергендердің бәрі БК(б)П қатарынан аяусыз қуылды. Олар негізінен троцкийшілердің, оңшыл және "ұлтшыл ауытқушылардың" қатарында болды немесе соларға жаны ашыды деп айыпталды. Егер 1921 ж. алғашқы негізгі тазалаудың кезінде Қазақстанда партиядан 2,1 мың адам, 1929-1935 жылдары -5,8., 1939 жылы 15,4 мың адам партиядан шығарылды. Ал, 1937-1938 жазалау жазалау кезінде республикада БК(б)П-дан 9223 коммунист шығарылып, қуғындалды[5, 33 б.].

Егер қарапайым мысалдармен дәлелдеп айтсақ, мысалы: белгілі саяси қайраткер, халқымыздың аяулы азаматтарымыздың бірі, жерлесіміз Әлімхан Ермеков осы 1930-1950 жж. қуғын-сүргінде "ұлтшыл", "халық жауы" аталып, үш рет сотталыпты. 18 жылдан астам өмірін түрмелер мен саяси қуғын-сүргінде өткізіп, азап шегіп, аса ауыр моральдық соққыға ұшыраған. Солай дегенмен, ол, Кеңес өкіметінің жазалау органдарының (ОГПУ-НКВД-КГБ) қудалауында ұзақ жылдар болғанына қарамастан, ол адамгершілік қасиеттерін, ұлтжандық позициясын, ғалымдық, ұстаздық іс-әрекетін кір шалдырмай сақтай білді.

Сондай-ақ, 1930 жылдардың басында, 1917-1920 жылдар Алаш партиясы мен Алашорда қозғалысына қатынасқан қазақ зиялыларына ОГПУ тарапынан ұйымдастырылған екі үлкен сот процесі болды. 1928 жылдың желтоқсанында алдымен Міржақып Дулатов ұсталып, бір "іс" бойынша 20 адам тұтқындалды. Бұлар қазақ зиялыларының ең жетекші тобы еді. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамбетов, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Ғаббасов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды қазақтың жайсаңдары жазықсыз жапа шекті. Қазақстандағы жасырын контрреволюциялық ұйым Кеңес Өкіметін құлату мақсатын көздеді деген айып 44 адамға тағылды. "Ұлтшыл", "халық жауы", "контрреволюционер" деген жалалармен бірге Мағжан Жұмабаев жасаған әдеби "Алқа" ұйымының бағдарламасы, Әнуар Паша, Заки Валидимен байланысты болды деу қазаққа ақыл-сана сепкен ұлыларды сахнадан шығару амалы болатын. Отаршылдардың да, кейін большевиктердің де басқа елді билеп-төстеу үшін алдымен зиялыларды саясаттан аластату үшін ойлап тапқан айла-амалдары еді. Бұрын шен-шекпенділерге таластырып келсе, енді өздерінің арам пиғылына кеңестік заманда топтық жіктелісті сылтау қылды[6, 12 б.].

И.Сталин және оның серіктері ұлт аймақтарынан шыққан қайраткерлерді 1923 жылы 9-12 маусым аралығында өткен 4-ші Кеңесте-ақ Заки Валидимен байланыс жасағандары туралы айып таға бастаған.

1930 жылы сәуірде болған сотта Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек төртеуі ату жазасына кесілді. Ал Мырзағазы Есболов, Халел Ғаббасов, Дінмұхаммед Юсупов, Елдос Омаров, Дамолла Шитілеуов, Хайридин Болғанбаев, Абдолла Байтасов, Кәрім Жәлеловтар әрқилы мерзімге сотталды, концлагерге айдалды. Бірнеше адам Солтүстік өлке мен басқа аудандарға жер аударылды. "Өз азаматына қорлық көрсететін үкіметтен кешірім сұрамаймын, 1922 жылы аштарға жасаған жақсылығым үшін көрген қиянатым жетеді", - деп кешірім сұрамаған Ж.Аймауытов атылып кетті де, Ахмет, Міржақып, Мағжандар Беломор каналын қазып, азапқа түсті, тәни және рухани жағынан жәбірленуге шыдамаған өр мінез М.Дулатов Соловкиде 1935 ж. қайтыс болды. Сүйегі елге 1993 жылы оралды.

Жалған айыптармен сотталған, жер ауып кете барған осы зиялы топтың артынан ілешала олардың екінші тобы ОГПУ-дің тұтқынына ілігіп алғашқы "қылмыс ісіне" байланыстырылып, бірақ басқа сылтау - дәлелдермен жаңа іс ашылды. Ең әуелі Абайдың немере інісі Кәкітайдың баласы Данияр Ысқақов, Уәлихан Омаров, Алдаберген Үмбетбаев дәрігер Жұмағали Тілеулин, атақты қайраткер, жол инженері Мұхаметжан Тынышбаев, әйгілі заңгер Жақып Ақбаев, Мұхтар Мурзин, Батыс Алашорда басшысы Халел Досмұхамедов, 17 қыркүйек күні қазақ әдебиетінің классигі, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов, Мұстафа Бұралқиев, биолог ғалым Жұмақан Кудерин, жазушы, сыншы публицист Кошке Кемеңгеров, Нәшір Қожамқұлов, Біләл Сүлеев, Жанша Досмұхамедов, Әбдірахман Мұңайтпасов, Әшім Омаров, Әбдіхамит Ақбаев, Сәйтәзім Қадырбаев, ең соңында қазақтың тұңғыш математика профессоры Әлімхан Ермеков тұтқындалған[7, 35 б.]. Осыған байланысты Голощекин "Партия құрылымының 10 жылдығы" атты баяндамасында: "Алашорда" қайраткерлерінің қақпанға түскенін ерекше мақтанышпен мәлімдеп: "Тынышбаев, Ермеков, Досмұхамедовтердің қ-р ұлтшыл ұйымына балта шабылды"[8, 67 б.]– деп көрсетті.

Осындай іс-әрекеттердің нәтижесінде 1928-1932 жылдары аралығында қазақ халқының ең таңдаулы оқыған азаматтарының 90-ға жуығы қылмыстық жауапқа тартылды. Олардың контрреволюциялық қызметке қатыстылығын қуаттайтын қандай да бір бұлтартпайтын айғақтардың жоқтығына қарамастан, олардың көпшілігі ұзақ мерзімге түрмеге қамалды, ал бір бөлігі атылды. Бүгін біз мұның өзі оппозиция жетекшілерін нағыз саяси жазалау болды деп кәміл сеніммен айта аламыз. Оппозицияға қарсы күресте жүйе мемлекеттік өкіметтің жазалау институттарының барлық күш-қуатын пайдаланды. Әкімшілдік-әміршілдік жүйенің орнығуы мен саяси өмірдің барлық саласында, оның ішінде Қазақстанда да, әсіресе, ұлттық интеллигенцияны "тәубеге келтіруде" партия мен жазалау органдарының біте қайнасып кеткендігі байқалады.

Еріктілік принципі мен қарапайым заңдылықтың бұзылуы әуел бастан-ақ барлық жерге тән сипат алды. Сайлау құқықтарынан айыру, былайша айтқанда, "тәрбиелеу мақсатымен" тұрып жатқан ауданынан тыс жерге жер аударумен немесе ұзақ уақыт қамауда ұстаумен қорқыту сияқты күштеу тәсілдері мейлінше дағдылы және кең таралған 1920-1950 жж. сталиндік қуғын-сүргіннің негізгі құрамдас бір бөлігіне айналды. Жалпы КСРО-да депортацияға (латын тілінен аударғанда «қуғындау», «көшіру») ұшырағандардың саны 1920 жылдан 1949 жылға дейін 3,2 млн. адамға жетті. Ең көп орын алған жаппай қуғын-сүргіндік миграциялардың КСРО-да төмендегідей түрлері қолданылды:

- Этностық белгілері бойынша депортация («жазаланған халықтар», «шекараларды тазалау», «сенімсіз халықтар»)
- Әлеуметтік-таптық белгілері бойынша депортация (1934 ж. дейінгі кулактарды, казактарды, діни адамдарды, зиялыларды жер аудару) кезінде келгендерді арнайы көшірілгендер (спецпереселенцы) деп атады.
- Саяси мотивтер негізіндегі 1934-1944 жж. көшірілгендерді «еңбек қоныстарындағылар» деп атады. 1944 жылдан бастап «арнайы қоныс аударылғандар» деген атау қолданылды.

Дәл сол жылдары Қазақстанға 98,4 мың корейлер (1937 ж. Жапонияның Қытайға басып кіруіне байланысты), 200 мыңдай поляктар, 420 мың немістер, (1936 ж. Батыс Украинадан 15 мың поляк және немістер көшіріліп әкелінді, ал негізгі көшіру 1940-1941 жж. болды), 37 мың гректер, 7,5 мың күрділер (1923 ж. Әзірбайжан құрамында Күрдістан автономиялы республикасы құрылған еді, ал, 1936 ж. автономия жойылып, 1937 ж. «сенімсіз халық» қатарына жатқызылды). 406 мың шешендер мен ингуштар, 4,5 мың қырым татарлары, 2 мыңнан аса қалмақтар, 45,5 мың қарашайлар, 4,6 мың балқарлар (1944 ж. наурыз), 6 мың ирандықтар (1938 ж. Түрікменстан, Әзірбайжан, Грузия мен Армениядан әкелінді) және басқа көптеген халықтар – ұзын саны 1,5 миллион адам айдаудың алдына түсіп, өздеріне бейтаныс жер, Қазақстанға жер аударылды[1, 15]. Академик М.Қозыбаев бұл жөнінде: “1937-1944 жылдардағы жазалау саясаты әсіресе қақаған соғыс жылдарының өзінде жаңа серпін алып, өзі аз этникалық топтар мен халықтарды жоюға бағытталды. Қазақстан жерінде 1 млн. 220 мың депортацияға ұшырағандар өздерінің 2-ші Отанын тапты. Кейін соғыс болып жатқан аймақтардан көшірілгендерді қосқанда олардың саны 1 млн 740 мың адамға жетті”[9, 14 б.] - дейді. Осы кезеңде Қазақстандық әрбір бес адамның біреуі зорлықпен жер аударылып көшіп келгендер еді. Республика тұрғындары амалсыз қоныс аударушыларға шамалары келгенше көмек көрсетіп, басындағы баспанасымен, киер киімі - ішер асымен бөлісті. Бүкіл Одақтан Қазақстанға саяси тұтқында тиеген эшелондардың лек-легімен ағылатын жылдары да осы кез. Кейіннен солардың көпшілігі “Карлагта”, “Степлагта”, “Песчанлагта”, АЛЖИР-де (Отанына опасыздық жасағандар әйелдерінің лагері) және ГУЛАГ-тың басқа да лагерлерінде із-түзсіз жоқ болды. 1 желтоқсан 1946 жылғы мәлімет бойынша Қазақстанда амалсыз қоныс аударушылардың саны 890 мың 698-ге жеткен. Ал 1949 жылғы қаңтар айындағы КСРО-ның ішкі істер министрі С.Кругловтың мәліметтерінде “халық шаруашылығының” бұл саласында 1 млн 483 мың 089 адам қызмет жасағанын баяндайды.

Халқымыздың тарихына аса қайғылы кезең болып енген 1928-1932 және кейінгі 1937-1938 жылдардағы сталиндік репрессияның құрбандары жайындағы шындық бүгін түгел ашылды деу әлі ерте. 20-ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының азаматтық, біліктілік (интеллектуалдық) деңгейі аса жоғары болғаны жалпыға мәлім. Кеңестік шығыстағы түркі халықтарының қатарындағы ең озық ойлы қазақ зиялыларына келген қуғын-сүргін аса ауыр да қайғылы болды.

Кезінде 1990 жылдары КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясы Алматы қаласында 1938 жылдың ақпан-наурыз айларында өткен көшпелі сессиясының үкімі бойынша атылған азаматтардың тізімін тапты. Азалы сыр шертетін қаралы тізімді жүйелей келгенде 1938 жылдың 25 ақпанынан 13 наурызына дейінгі аралықта 631 адамның атылғаны анықталды. Жазалаушы орган күн сайын орта есеппен 43 адамды атып отырған. Бір ғажабы, күнделікті атуға іріктелген азаматтардың тізімдерінің астына Мәскеуден келген арнайы өкіл – дивизия әскери юрисі Горячевтің қолы ғана көрсетілген. Атылған азаматтардың ұлттық құрамына назар аударсақ қазаға ұшыраған 631 адамның 70-75 пайызы қазақ зиялылары екен. Олар ұлтының қорғаны мен мақтанышына бөленген, халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтаған қайраткерлер еді. Халқымыздың аяулы перзенттері Т.Жүргеновтің, О.Жандосовтың, С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің, С.Асфендияровтың т.б. да сан алуан ұлт өкілдерінің өмірі дәл осы үрейлі жылдары қиылыпты.

Осы боздақтарымыздың атылған, сүйектері жатқан жерлерін анықтау мақсатында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде бірқатарының сүйегі Талғар ауданындағы Жаңалық деген жерден, бұрынғы Діқанбай қыстауының орнынан табылды. Осындай жұмыстар алда міндетті түрде жалғасын таппақ.

31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні, халқымыздың тар жол – тайғақ кешу жылдары айырықша еске алынады. Осыған байланысты аштық құрбандары мен қуғын-сүргінге ұшыраған миллиондаған адамдарды еске түсіріп, бірқатар шаралар істелуде. Яғни мемлекеттік ғимараттардың төбесіндегі ұлттық жалауларды төмен түсіру, аштық құрбандарына орнатылған ескерткіш орнына гүл шоқтарын қою, сол және жаңа

ескерткіштерге қор жинау, аза күніне арналған хабарларды баспасөзде, радио мен теледидарда ұйымдастыру мүмкіндігі көрсетілген. Бұдан көзі тірі барша адам тиісті тұжырым жасап, өткендегі зұлматтың қайталанбауы үшін қолымыздан келгеннің бәрін істеуге міндеттіміз. Бұл үшін жеңіп алған жетістіктерімізді, яғни еншімізге тиген егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білу керек.

Республикамызда қазір жекелеген ұлттардың өсіп-азаюы тұрғысынан келсек, онда Орталық статистикалық агентствоның хабарлауынша ел иесі – қазақтардың 2004 ж. санақ бойынша 8683230-ға жеткенін айтамыз, яғни 57,2 пайыздан асқанын көреміз. Екінші саны жағынан көбі орыс халқы 26,8 пайыз[10, 52 б.]. Бұл – дау жоқ, үлкен қуаныш, елерлік оқиға. Әрине, ақиқатқа жүгінсек, өсім шамалы. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Халқына арналған Жолдауында демография проблемасына ерекше назар аударып, тіпті, Республика халқының санын 2015 жылы 20 миллионға жеткізу жөнінде ойын білдірген болатын. Ал, бүгінгі қарқынмен бұл саясаттың орындалуына күмән келеді. Дәлірек айтсақ, ұлтымыз 1989 жылғы халық санағынан бергі уақытта, 1999 жылдар аралығында 1,5 миллион адамға көбейсе, ал 2004 жылдың тоғыз айында 95,1 мың адамға ғана өскен. Әрине, бұл көпшілік жағдайда оралмандар есебінен. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 ж. 16 қыркүйектегі №900 қаулысындағы «Этностық қазақтардың тарихи отанына оралуы» мәселесі актісінің кіріспесінде төмендегі мәліметтер беріледі. «...Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде 4,1 млн. этностық қазақ тұрады. Қазір Қазақстан Республикасының аумағындағы қазақтардың саны – 8,13 млн, ал дүние жүзіндегі бүкіл қазақтың саны – 12,2 млн адам...

Қазақтардың ең көп тұратын жері Өзбекстан – онда 1,5 млн адамға жуық, Ресейде – 740 мың адам, Түркіменстанда – 70 мың адам. Алыс шет елдерде этностық қазақтардың көпшілігі ҚХР-да – 1,5 млн адам, Монғолияда – 100 мың адам, Ауғанстанда – 30 мың және Түркияда – 25 мың адам тұрады...»[11, 56 б.]. Ендігі алдымызда тұрған мәселенің бірі осы шет елдерде тұрып жатқан барлық қазақтың өзінің тарихи отанына оралуына, мүмкіндіктер жасау. (мысалы, материалдық және құқықтық т.б.)

Сонымен саяси репрессиялар құрбандары туралы мәліметтердің біраз материалдарын біршама қарастырғандай болдық. Біздің ойымызша, бұл бағытта Ресей мен Қазақстан бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Біздердің міндетіміз соларды ғылыми зерттеу жұмыстарымызда айналымға әкелу.

Жылжып жылдар да өтер, ұрпақтар да алмасар, бірақ сол озбыр заманның зобалаңы ұмытылмақ емес демекпіз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тәтімов М. Қазақ әлемі. - Алматы: Қазақстан-Атамұра, 1993. - 18 б.
2. Қозыбаев М. Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар // Егемен Қазақстан 1994. - 14 тамыз.
3. Қолдан жасалған қасірет (ҚР Жоғары Кеңесі төрағасының қаулысы) // Орталық Қазақстан. - 1993. - 5 қаңтар.
4. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк). - Алматы: “Дәуір”, 1994. 446б.
5. Осипов В.П. Всмотриваясь в 20-30 годы. - Алма-Ата. 1991. - 159 с.
6. Кәкішұлы Т. Саяси зобалаң толқындары // Егемен Қазақстан. - 1997. - 23-28 сәуір.
7. Кудерина Л.Д. Геноцид в Казахстане: исторический очерк. – М., Скорпион, 1994. - С.58.
8. Жұртбаев Т. Талқы. - Алматы: Қазақстан, - 1997. - 83 б.
9. Қозыбаев М. Отечественная история XX века: Мифы и реальность. // Казахстанская правда. - 2000. - 25 мая.
10. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы, 1998, С. 317.
11. Юрьев М. Мы растем! // Эпоха. – 2004. 3-декабря.